

### №3 Мәртөк жалпы орта білім беретін мектебінің 2 «А» класс жетекшісі Оразбаева Шынарғұлдің тәрбие жұмысы бойынша жүргізілген жұмыстарының жылдық қорытындысы туралы мәлімет

Биылғы 2022-2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысының мақсаты: Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу. Оқушылар бойында азаматтық сана, адамгершілік, толеранттылық, жалпы мәдени, салауатты өмір салты, шығармашылық қабілетін іске асырудың жоғары деңгейін қалыптастыру, ұлттық тәрбие жүйесін дамыту және жаңғырту, патриотизмге тәрбиелеу. Оқушылардың бойында Отанға деген сүйіспеншілігін қалыптастыру. Өз Отанына деген мақтаныш сезімін ояту. Қ.Р. мемлекеттік рәміздерін мақтан ету, көп ұлт балаларымен достық қарым-қатынастарын жақсарту, әрбір баланың бойында имандылық, сыйластық, адамгершілік, еңбекқорлық, білімге деген сана-сезімдерін қалыптастыру.

Жыл басында тәрбие жұмысы 8 бағыт бойынша құрылып, бекітілді, класс сағаттары өткізілді. Класта оқу жылының басында 17 оқушы, 9 ұл, 8 қыз. Бірінші тоқсанда бір оқушы денсаулығына байланысты 3-кластан 2- класқа ауыстырылды. Ол Үсен Нұралы келді. Жыл аяғында 18 оқушы 10 ұл, 8 қыз. Класта үздіктер саны 3, екпінді оқушылар саны 10.

1-қыркүйек күні «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және Отаншылдық» тақырыбында класс сағаты өткізілді. Қазақстан елін мақтаныш ету, Қазақстан елін дамытуға үлестерін қосу айтылды. Қазақстан туралы білгендерін ортаға салды.

Жол ережесі, мектеп ережесі және қауіпсіздік ережелері таныстырылып оқушылар мен ата-аналарға қол қойдырылды. «Жолда жүру ережесін жадында ұста!» тәрбие сағаты өтілді. Ата-аналар жиналысы онлайн түрінде өтіп, мектеп формасы, сабаққа қатысымы, оқу құралдары туралы айтылып, ата-аналар комитетінің төрайымы және көмекшісі сайланып, өз міндеттерімен танысты. Ата-ана комитетінің төрайымы: Иманғалиева Толғанай Худайбергеновна. Көмекшілері: Кулушова Жадыра Абилкасимовна, Темирханова Айзада Талғатқызы.

Тілдер мерекесіне байланысты «Қазақ тілі-менің ана тілім» атты класс сағаты өткізілді. Өзге тілдің бәрін біліп, өз тілдерін құрметтеу керектігі түсіндірілді.

Тамыз айында оқушылардың үйлерін аралап, отбасы жағдайымен танысу өтті.

Оқу жылы барысында бастауыш апталығы өткізілді. Мұғалімдер дайындаған түрлі тапсырмаларға қызығушылықпен қарап, апталыққа белсене қатысты. «Кім жүйрік?» тақырыбында сыныптан тыс жұмыс болды. Оқушылар сайысқа жақсы қатысты.

Қариялар күніне байланысты «Қарты бар үйдің қазынасы бар» атты класс сағаты өткізілді. Оқушылар суреттер салды. Үлкендерді әрқашан құрметтей білуге, сыйлауға, ақылын тыңдау қажеттігін түсіндірдім.

Тәуелсіздік күніне байланысты «16-желтоқсан-Тәуелсіздік күні» тақырыбында класс сағаты өткізілді. Желтоқсан құрбандары еске алынып, мәңгілікке Отанымызды қорғауға, Қазақстан жетістіктеріне шолу жасалды.



Жаңа жыл мерекесіне орай «Қош келдің, жаңа жыл!» атты мереке өтті. Оқушы такпақтар айтып, би билеп, ойындар ойнап, Аяз атадан сыйлықтар алып мейрам болды.

Ақпан айында «Буллинг деген не?» тәрбие сағаты өткізілді. Жаманнан жиренуді, жақсыдан үйрену керектігін айтып түсіндірілді.

22-наурыз мерекесіне орай «Қош келдің, Өз Наурыз!» атты тәрбие сағат өтілді. Қазақтың ұлттық дәстүрлері айтылып, салт-дәстүрлері көрсетіліп, оқушылар қазақша киініп тәрбие сағаты жақсы болды.

1-мамыр алғыс айту мерекесіне орай оқушылар видеоролик түсірді. «Ынтымағы жарасқан туған өлкем Қазақстан» тақырыбында тәрбие сағаты өтілді.

9-мамыр Жеңіс күніне орай «Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды» тақырыбында класс сағаты өткізілді. Ұлы Отан соғысы кезіндегі батырларымен таныстырып, олардың ерліктері туралы айтылды.


«Кітап-сарқылмас қазына» тақырыбында тәрбие сағаты жыл соңында өткізілді. Кітап қалай шығарылады. Қандай еңбекпен келетіні туралы айтылды. Тағы басқа көптеген мәліметтер берілді.

Әр тоқсан сайын кезекті ата-аналар жиналысы өз уақытында өтіліп тұрды. Ата-аналар жиналысында оқушылардың тоқсандық бағалары, сабаққа қатысымы, тәртібі туралы айтылды. Оқушылар мектепшілік әртүрлі сайыстарға қатысып отырды. Мектепшілік бастауыш апталығында сурет салу байқауынан бірнеше оқушылар мақтау қағазын алды. Пони жарысынан да диплом алды. «Sapsan» олимпиадасына бірнеше оқушы қатысып дипломдармен марапатталды. Аудандық «Бастау» олимпиадасынан «Үздіктер» тобымен Серікбай Али қатысып 2 орын алды.

Жыл соңында оқу жылындағы жұмыстар қорытылып, ата-аналар жиналысы өткізілді. Оқушылардың жеке іс қағаздарына қол қойылып, жаздағы демалыста қауіпсіздік ережелерін сақтау қажеттілігі туралы айтылды, қол қойғызылды.

Қорытындылай келе биылғы оқу жылында класта тәртіп бұзған оқушы болған жоқ. Жылдық жоспарланған барлық класс сағаттары уақытында өтті. Келесі оқу жылында да жазғы демалысты көңілді өткізіп, жаңа оқу жылына үлкен дайындықпен келу қажеттілігі айтылды.

1. Ата-аналармен сұрақ-жауап анкетасын өткізу.
2. Оқушыларды әр түрлі іс-шараларға белсене қатысу және нәтижелерге қол жеткізу.
3. Аудандық кітапханаға саяхат жасау.

Класс жетекшісі:  Оразбаева Ш. К.



Шығ.  
Әзі-  
нәнді.

